



ЖЫЛ БАСЫ – НАУРЫЗ

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне де санаулы күндер қалды. Қазақтың ұлы даласында сан ғасырлар бойы тойланып, атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлық мереке қарсаңында Қостанай қаласындағы №7 бөбекжай-бақшасында мерекелік ертенгіліктер леп жоспарланды.

12 бет



ИСТОРИЯ ОДНОГО ФЕСТИВАЛЯ

Третий рудненский «STEM-Фест» получился массовым и богатым на интересные истории. Примечательно, что из мероприятия городского уровня он за три сезона вырос в статусе, и уже в этом году участниками «STEM-Фест» стали 150 школьников области!

стр. 13

## Ағылшын тілі – білікті маман серігі

**Елімізде ағылшын тілі мемлекетаралық тіл мәртебесіне ие. Аталмыш пәнге деген ықылас жылдан-жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынуда.**

Ағылшын тілін оқытып, үйрету ізденістерді, жаңа технологияларды қажет етеді. Сабақта жаңа ақпараттық-инновациялық технологияны қолдану оқушы үшін де, ұстаз үшін де жаңашылдық. Ал бұл нәрсе күнде өзгеріп, жаңарып отырады. Сондықтан да, күнделікті сабақта түрлі жаңа технологияларды пайдалану үлкен нәтиже береді.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт елдері көп тілді, әсіресе, халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан, біз де халқымыздың өркениеттен кенже қалмай, қарыштап дамуы үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл – заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналары сөзсіз. Еңбек нарығында ағылшын тілін білу – негізгі талаптардың бірі екені бәрімізге мәлім. Түйіндеме тапсырған кезде де міндетті түрде тілдерді білу деңгейімізді көрсетіп, «ағылшын тілі – жақсы, сөздікпен» деп жазып қоямыз. Ағылшын тілін білгендер жұмыс берушінің алдында сауатты, білікті маман ретінде көрінері хақ. Бұл – ағылшын тілінің

қазіргі қоғамдағы рөлін айқындағандай.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында айтқандай: «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады». Бүгінгі шәкірт – ертеңгі маман иесі. Олай болса, еліміздің ертеңін тәрбиелеу жолында мықты төзіммен шығармашылық табысқа жете берейік.

**Дана ҚАРАЖІПТОВА,**  
*Арқалық политехникалық колледжі ағылшын тілі пәнінің оқытушысы*